

Тақырыбы: Кәсіби бағдар берудің өміршендігі және мектеппен байланысы

***БҚО әкімдігі білім басқармасының Сырым ауданы білім беру бөлімінің
“Мектеп-лицей” КММ-нің кәсіби бағдар беру педагогы
Таслима Жанайқызы Тулешова***

I. Kіpіcne

Ұлым немесе қызым биыл мектеп бітіреді? Қай мамандықты таңдағаны дұрыс? «Балам биыл диплом алып жатыр. Қай жерге жұмысқа орналасса болады?

Иә сұрақтардың бәрі орынды.

Енді осы сұрақты сәл өзгертіп көрейік:

«Биыл балам 9 сыныпқа көшті. Мектеп бітіргенше болашақ мамандығын дұрыс таңдап, беделді жоғары оқу орнына түсу үшін қазірден бастап не істесе болады?

«Университетке енді түсті, 4 жылдан кейін қалаған жұмыс орнына шақырту алу үшін қазірден бастап не істесе болады?

Түйін: Баланың болашағы ата-ананың дәл қазір қойған сұрағына байланысты болмақ. Сондықтан келесі сұрағымыз «Қазірден бастап не істеу керек?»- деп бастауға кеңес беремін.

Мен Таслима Жанайқызы Тулешова Сырым ауданы мектеп-лицейінің кәсіби бағдар беру педагогы, грант аналитик.-Осы салада 4 жылға жақын жұмыс жасап келемін. Осы қызметке келерде кәсіби бағдар беру деген не?, қызметі қандай? деген сауалдар мазалады, іздедім, таптым. Қазақстанға танымал профориентолог мамандардың сабақтарын алып, семинарларына қатыстым, оқып үйрендім. Қазіргі таңда бір командада жұмыс жасаймын. Мектептегі кәсіби бағдар беру педагогы өзін жаңа ғана танытып, енді ғана тәй-тәй басуды үйреніп келе жатырған 3 жасар сәби десем де болады.

Биыл Қазақстанда 216 мыңға жуық оқушы мектеп бітірді. Олардың көпшілігін "Қандай мамандық иесі атанамын? Грантқа қалай ілігемін?" деген сұрақтар аландатқаны рас. Осы ретте профориентолог, грант expertі сынды мамандардың ақыл-кеңесі қажет болады. Профориентолог –оқушының қабілетіне, бейімділігіне қарай мамандық таңдауға көмектесетін маман. Ал грант аналитигі мамандықты ҰБТ нәтижесіне сай қалай таңдау керегі жайлы кеңестерін айтады.

II. Кәсіби бағдар берудің өміршендігі

“Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс”

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Қазақстан халқына Жолдауынан.

Кәсіби бағдар беру – оқушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына және еңбек нарығының талаптарына сай жеке даму мүмкіндіктерін ашуға бағытталған маңызды процесс. Мектептер бұл процесте жетекші рөл атқарады, өйткені олар оқушылардың алғашқы кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін қалыптастыратын негізгі орта болып табылады. Қазіргі әлемде технологиялық және экономикалық өзгерістердің жылдамдығына байланысты дұрыс мамандық таңдау жеке тұлғаның ғана емес, қоғамның да әл-ауқатына әсер етуде. Кәсіби бағдар берудің өміршеңдігі оның заман талаптарына сай болуымен өлшенеді. Ол мынадай факторларға байланысты:

1.Технологиялық прогресс: Жаңа технологиялардың дамуымен бірге жаңа мамандықтар пайда болуда (мысалы, жасанды интеллект маманы, деректер талдаушысы). Кәсіби бағдар беру осы өзгерістерді ескеріп, жастарды болашаққа дайындауы керек.

2.Еңбек нарығының өзгерістері: Еңбек нарығының сұранысына сай мамандықтар туралы ақпаратты уақтылы жеткізу маңызды. Мысалы, IT, медицина және жасыл технологиялар саласындағы мамандықтарға сұраныс артуда.

3.Индивидуалды тәсіл: Әр оқушының қабілеті мен қызығушылығына сәйкес бағыт беру тиімді нәтиже береді. Профдиагностикалық тесттер, сауалнама, тренингтер және кеңес беру осы процестің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тиімді кәсіби бағдар берудің әдістері: Кәсіби бағдар берудің тиімділігін арттыру үшін мына әдістерді қолдануға болады:

Практикалық тәжірибе: Оқушыларды кәсіпорындарға экскурсияға апарып, нақты жұмыс ортасымен таныстыру.

Мамандармен кездесу: Түрлі сала мамандарымен әңгімелесу арқылы оқушыларға шынайы ақпарат беру.

Цифрлық платформалар: Онлайн-тесттер, виртуалды турлар және интерактивті платформалар арқылы мамандықтар туралы ақпаратты қолжетімді ету.

Мектептегі бағдарламалар: Мектептерде кәсіби бағдар беру пәнін енгізу және мұғалімдерді осы салада оқыту.

III. ЖИ дәуіріндегі кәсіби бағдар

Жасанды интеллект (ЖИ) қоғамның барлық саласын, соның ішінде еңбек нарығын түбегейлі өзгертуде. ЖИ технологияларының қарқынды дамуы жаңа мамандықтардың пайда болуына және кейбір дәстүрлі кәсіптердің жойылуына әкелуде. Осыған байланысты кәсіби бағдар беру оқушыларды ЖИ дәуіріндегі еңбек нарығының талаптарына дайындауда маңызды рөл атқарады.

1.Технологиялық сауаттылықты арттыру: Оқушыларға кодтау, деректермен жұмыс істеу және ЖИ-дың негізгі принциптерін үйрету.

2.Гибридті мамандықтарға бағыттау: ЖИ мен адам дағдыларын біріктіретін кәсіптерге (мысалы, ЖИ этикасы бойынша маман) дайындық.

3.Бейімделгіштікке үйрету: Жастарды тез өзгертін ортаға бейімделуге және жаңа дағдыларды меңгеруге дайындау

4.Индивидуалды тәсіл: ЖИ құралдары арқылы оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау және жекелендірілген кәсіби бағыт беру.

ЖИ дәуірінде кәсіби бағдар беруді тиімді ету үшін мына әдістерді қолдануға болады:

1.ЖИ-ға негізделген құралдар: ЖИ платформалары (мысалы, қызығушылықты анықтайтын онлайн-тесттер, мамандық таңдауға арналған алгоритмдер) арқылы оқушыларға жекелендірілген кеңестер беру.

2.Виртуалды тәжірибе: ЖИ мен виртуалды шындық (VR) технологияларын пайдалана отырып, оқушыларды әртүрлі мамандықтардың жұмыс ортасымен таныстыру.

3.Менторлық және желілік байланыстар: ЖИ саласындағы мамандармен кездесулер ұйымдастыру және олардың тәжірибесімен бөлісу.

IV. Мектептегі кәсіби бағдар беру кезеңдері:

Мектептегі кәсіби бағдар беру – бұл оқушыларды болашақ мамандық таңдауға дайындауға бағытталған жүйелі процесс. Жасанды интеллект (ЖИ) дәуірінде бұл процесс еңбек нарығының талаптарына және оқушылардың жеке қызығушылықтарына сәйкес тиімді болуы үшін бірнеше кезеңнен тұрады. Төменде мектептегі кәсіби бағдар берудің негізгі кезеңдері сипатталады:

1.Дайындық кезеңі:(5-6 сынып оқушылары) Оқушыларды мамандықтар әлеміне баулу, үйрету, бағыт-бағдар алу жұмыстары жүргізіледі. Бастауыш сыныптан келген бала үйірмелерден қол үзбегені дұрыс, себебі мектеп теориялық білім берсе, үйірмелер өмірге қажетті дағдыларды қалыптастырады.

2.Ақпараттық кезең: (7-8 сынып оқушылары) Күрделі физика, химия, биология пәндері қосылып оқытала бастайды. Міне осы кезеңде балалар мықты тұсын сезініп, сол арқылы өз мамандығына жол таба бастайды. Күрделі пәндер енгізіледі. оқушыларға еңбек нарығы және мамандықтар туралы нақты ақпарат беріледі. Оқушылар әртүрлі мамандықтардың міндеттері, талаптары және болашағы туралы түсінік алады.

3.Бағыттау кезеңі (9-11 сыныптар) Бұл кезеңде оқушылар нақты мамандықтарын таңдап, дайындалуға бағытталатын кезең. Бұл кәсіби бағдарды бастаудың ең қолайлы кезеңі. Бұл кезеңде бала өзін тануға, бейімін анықтауға, нақты мақсаттар қоюға саналы түрде таңдау жасай алатын кезең. Осы 9 сыныпты аяқтап 10 сыныпқа көшейін деп отырған оқушылар мен ата-аналармен бірге консультация жасау.

4.Педагог кадрлармен жұмыс

5.Ата-анамен жұмыс

V. Кәсіби бағдар берудегі практикалық тәсілдер

- 1. Қызығушылық картасын құру**
- 2. "1 күн – 1 мамандық"**
- 3. Шынайы кәсіп иелерімен кездесу**
- 4. Тест емес, шынайы тәжірибе**
- 6. Серіктестік**

VI. Кәсіби диагностика (профдиагностика)

Оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттерін, жеке қасиеттерін және кәсіби бейімділігін анықтауға бағытталған процесс. Бұл кәсіби бағдар берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені оқушыларға болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектеседі. Мектептерде профдиагностиканы дұрыс ұйымдастыру оқушылардың еңбек нарығына тиімді дайындалуын қамтамасыз етеді.

Диагностикалық құралдарды таңдау

Психологиялық тесттер: Оқушылардың жеке қасиеттерін анықтау үшін стандартталған тесттер (мысалы, Голландтың кәсіби бейімділік тесті, MBTI) қолданылады.

Қызығушылық сауалнамалары: Оқушылардың хоббиі, пәндерге деген қызығушылығы және болашақ мақсаттарын анықтауға арналған сауалнамалар.

Кәсіби бағдар беру ойындары: Интерактивті және топтық, трансформациялық ойындар арқылы оқушылардың қабілеттерін анықтау (мысалы, рөлдік ойындар, кейс-стади).

Онлайн-платформалар: Заманауи технологияларды пайдалана отырып, оқушыларға онлайн-тесттер мен кәсіби бағдар беру қосымшаларын ұсыну (мысалы, Careerfitter, eduser, Joo).

Кәсіптік тесттер:

- 1.Климовтың белсенділік сынағы
- 2.Джон Холландтың кәсіби тұлғалық сынағы
- 3.Темперамент үшін Айзенк сынағы
- 4.Оқуға арналған Вандерлик сынағы
- 5.Джим Барреттің профориентациялық тесті
- 6.MAPP тесті-(американдық тест)
- 7.Эннеаграмма
- 8.MBTI
- 9.Гарднердің көп қырлы интеллект теориясы
- 10.Галлап тест-қабілеттер тесті
- 11.Big Five (бигфайф)-үлкен бестік тұлғалық моделі
- 12.Кәсіптест

VII. SWOT анализ немесе талдау.

SWOT талдау кәсіби бағдар берудің өміршендігін арттырады, себебі ол оқушыларға өз қалауын анықтайды, нақты мақсаттар қояды; мансап жолындағы кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді; Бұл әдіс оқушылардың саналы түрде мамандық таңдауына және болашақта табысты болуына ықпал етеді. **Ол үшін көмекші сұрақтар арқылы анықтауға болады.**

S-мамандық таңдауда менің мықты тұстарым

W- мамандық таңдауда менің әлсіз тұстарым

O-мамандық таңдауда менің мүмкіншіліктерім

T- мамандық таңдауда кездесуі мүмкін қауіптер

VIII. soft skills/hard skills

Дағды мен қабілет дегенді қалай түсінесіздер?

Soft skills (жұмсақ дағдылар) және hard skills (қатаң дағдылар) – бұл кәсіби және жеке табысқа жету үшін маңызды екі дағдылар тобы.

Soft Skills (Жұмсақ дағдылар) Жұмсақ дағдылар – бұл адамның жеке қасиеттері мен мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты дағдылар, олар басқалармен қарым-қатынас жасауға, жұмыс ортасына бейімделуге және жеке тиімділікті арттыруға көмектеседі.

Hard Skills (Қатаң дағдылар) Қатаң дағдылар – бұл белгілі бір жұмысты орындау үшін қажетті техникалық білім мен дағдылар.

Soft skills және hard skills кәсіби бағдар берудің өміршендігін дәлелдейді, өйткені олар оқушыларға өз әлеуетін толық ашуға, нақты мамандыққа қажетті дағдыларды анықтауға және мансапта ұзақ мерзімді табысқа жетуге көмектеседі. Бұл дағдыларды SWOT талдау сияқты құралдармен біріктіріп қолдану кәсіби бағдар беруді тиімді әрі мақсатты етеді, оқушыларды болашаққа сенімді дайындайды.

IX. Қорытынды: Сөзімді қорыта келе Кәсіби бағдар берудің өміршендігі - ЖИ дәуірінде шығармашылық, сындарлы ойлау және технологиялық сауаттылық сияқты дағдылар маңызды бола түсуде. Себебі біз бүгінгі күнмен өмір сүрмейміз, біздің алдымызға келетін оқушылар Z альфа ұрпақтары. Оқушыларды болашаққа бағдарлаймыз.Тиімді кәсіби бағдар беру оқушыларымыздың еңбек нарығының өзгерістеріне бейімдеп, олардың қабілеттерін дұрыс бағытта дамытуға ықпал етеді.